

КАЗАҚ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№ 8 (1477)
12 наурыз
2013 жыл

УНИВЕРСИТЕТІ

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

ҚазҰУ қалашығы көркейе түспек

ҚазҰУ қалашығы қашанда әсем табиғатымен, ерекше инфрақұрылымымен ерекшеленіп тұрады. Болашақта осы қарқын жалғасын таппақ. Бұл туралы 11 наурыздағы ректорат мәжілісіндегі экономикалық және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор Евгений Анның университеттің 2012 жылғы қаржылық-шаруашылық жағдайы және 2013 жылға арналған жоспары жайлы хабарламасында айтылды.

Бүгінде білім іздеп оқуға түскен зерт үшін, үздік университеттің көркеуі жолында беріле еңбек өткен ұжым үшін қасиетті қара шаңырақ көрнекті де қайлы мекенге айналған. ҚазҰУ қалашығының жалпы сымбаты таңданарлық. Студенттер үйлері де көрген жанның көңілі толарлықтай таза әрі заманауи жабдықталған. Сондай-ақ студенттерге арналған 500 орындық жатақхана мен бассейн, велотұрақ пен тренажер залдарының, студенттер орталығының құрылысы қолға алынатынын жеткізді проректор. Ғылыми кітапхана құрылысы да аяқталып, көпшілік игілігіне берілмек. Бұл жоспарларды ректорат мүшелері қуана қабылдады. Олардың жүздері мен лебізінен терең білімімен ғана емес, әсем қалашығымен айшықталған ҚазҰУ-ды мақтан тұтатындықтары айқын сезіліп тұрды.

Сондай-ақ отырыста Кадр және мұрағат істері басқармасының бастығы Айнұр Мадиярованың университет қызметкерлерін аттестаттау ережесі туралы ақпары мұқият тыңдалып, кеңінен талқыланды. Аттестация университет қызметкерлерінің өз лауазымына лайықтылығын анықтауды мақсат етеді. Онда қызметкерлердің кәсіби біліктілігі, қабілеті мен жұмыс нәтижесі сарапқа түспек. Университет басшысының қатысуымен 17 адамнан тұратын аттестациялық комиссия құрылмақ. Оның нәтижесінде әрбір қызметкердің өз жұмыс орнына қаншалықты сай екені анықталып, болашақта қабілеттілігіне қарай жоғары лауазымға ұсынылуы да мүмкін. Ректор Ғалым Мұтанов, ең алдымен, қызметтік этиканы басшылыққа алу керектігін айтты. Сонымен қатар ереженің шарттарын қайта қарастырып, ұсыныстарды енгізе отырып, толықтыруды тапсырды.

Мәжілісте дәстүр бойынша марапаттаулар да орын алды. Бас ғалым хатшы Ләззат Шайкенова диплом иелерін таныстырды. Алдымен наурыздың 2-3 жұлдызында Халықаралық бизнес университетінің президенті, академик

Сағадиев Кенжеғали Әбенұлының 75 жылдық мерейтойы құрметіне арналған 3-ші халықаралық пікірсайыс турнирінің қорытындысы бойынша 1-орын иеленген АҚ фракциясы, атап айтқанда физикатехникалық факультетінің 3-курс студенті Қ.Алдоңғаров және философия және саясаттану факультетінің 3-курс студенті Ә.Қисыбайға кубок және диплом табысталды. Және де осы турнирде LD форматы бойынша 1-орын иегері, яғни үздік спикер атанған философия және саясаттану факультетінің 2-курс магистранты Д.Өмірбеков те марапатталды.

Қазақстан-Британ техникалық университетінде «IDC» интеллектуалдық пікірсайыс клубы ұйымдастырған қалалық «БАСТАУ-2013» турнирінде 1-орын иеленген Томирис фракциясының спикерлері де қошеметпен ортаға шақырылды. Олар: журналистика факультетінің 1-курс студенті Динара Тілеубек, философия және саясаттану факультетінің 3-курс студенті Таңшолпан Жауынбай және фракция төрешісі – физика-техникалық факультетінің 3-курс студенті Құралбек Алдоңғаров.

ҚазҰУ ректорының алғыс хатымен ҒЗ жұмыстарының қорытындысын патенттеудегі жетістігі үшін биология және биотехнология факультеті марапатталса, Thomson Reuters деңгейі бойынша 22 ғылыми мақаланы жариялағаны үшін философия және саясаттану факультеті және 19 ғылыми мақала жариялағаны үшін химия және химиялық технология факультеті зор құрметке ие болды. Сондай-ақ 6,373 импакт-факторлы журналды жарияланған мақаласы үшін профессор А.Бисенбаевтың да еңбегі жоғары бағаланды.

Университет ұжымы жетістіктерінің қатарын Назарбаев университетінің алғыс хатын иеленген ректор, академик Ғ.Мұтанов және ЖОО-ға дейінгі дайындық факультеті деканының орынбасары Д.Алпысбаева, факультет маманы О.Құсмандар толықтыра түсті.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың нәзік жанды аруларына арналған 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Барлығы сіздер үшін» атты концерттік кеш өтті.

ҚазҰУ аруларына арналған
«Барлығы сіздер үшін»
атты кеш өтті



Кеңілді кешті ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов құттықтау сөзімен ашып, құлпырған арулардың төл мерекесі 8 наурыз мерекесіне арналған ыстық лебізін білдірді. «Сіздерді көктемнің шуақты күні әсемдік, нәзіктік, мейірім күні – 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесімен шын шүректен құттықтаймын! Ғажайып мерекенің көгілдір көктем мезгілімен тұспа-тұс келуі де жақсылықтың нышанындай. Бүгінде отбасының тыныштығын, береке-бірлігін сақтап қана қоймай, қоғамның әр саласында қызмет етіп, еліміздің өркендеуіне, өсуіне тікелей атсалысып жүрген аруларымыз қаншама. Олардың көпшілігі ҚазҰУ түлектері деп сеніммен айта аламын. Білімді де, білікті қыз балаларды оқытып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруде университетіміздің алар орны ерекше. Қазақ қызы иманды, білікті болса,

ұрпағымыз саналы, білімді болмақ», – деді өз сөзінде. Ректор құттықтау жолдарын «Айналанды нұрландыр» жыр жинағынан бірнеше өлеңдер оқып, жыр жолдарын арнады.

Бұл кеште университеттің барлық басшылығы, декандар, факультет ұжымы толық қатысып, ән мен күйден шашу шашып, мың бұралып билеген, қалың ағаш еденді саз балшықтай илеген ер-азаматтар аруларды тағалдырды. Профессорлық құрамнан жасалған топ Ш. Қалдаяқов өндерінен, ал кафедра меңгерушілері «Досмұқасан» өндерінен паппури айтып, түрлі аспаптарда өз өнерлерімен университет ұжымын қуанышқа бөледі. Көрермен қауым фортепиано сүйемелдеуімен Н. Тілендиевтің «Жан сәуле» әнін, Ш. Қалдаяқовтың «Бәрінен де сен сұлу» әнін декандардың орындауында тыңдады.

Еңлік АҒҚИГІТ

БҮГІНГІ САНДА:

ДЕПУТАТ КИ. БҮРХАНОВТЫҢ
КӨШБАСШЫЛЫҚ ДАВІСІ



4-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ГАЗИ ҚАРЛЫҒАШТАРЫ



5-бет

БҮГІНГІ САНДА:

БАРЛЫҒЫ СІЗДЕРҮШІН!
АРУЛАР!



8-бет

5 наурыз күні ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде Алматы қалалық Ішкі істер департаментінің бастығы Қайрат Сағатханұлы Тыныбеков университет ұжымы және студенттерімен кездесті. Бұл құзыретке ие болғанына тек 3 ай толған жаңа басшы аталған құқық орны тарихында алғаш рет студенттер ортасына келіп отыр. Маңызды шараға факультет декандары, олардың оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарлары, кафедра меңгерушілері мен олардың осы бағыттағы орынбасарлары, куратор-эдвайзерлер, студенттік өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық ұйымдар өкілдері, тәртіп жасағы мүшелері қатысты.

Жүздесуді ҚазҰУ ректоры, академик **Ғ. Мұтанов** ашып, университеттегі тәртіп сақтау мен тәрбие жұмысы саласындағы атқарылып жатқан жағымды іс-шараларға тоқталды. «Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында ұлт қауіпсіздігіне баса назар аударып отыр. Қоғам тыныштығын алып, өмір сапасын төмендететін кез келген, тіпті, ең кішкентай заң бұзушылыққа, бұзақылыққа, мәдениетсіздікке жол бермеуіміз керек екенін айтты», – дей келе, оқу орнында студенттерді сапалы білім нәрімен сусындатып қана қоймай, оларға саналы тәрбие де беру мақсатында куратор-эдвайзерлер мектебі ұйымдастырылып, табысты жұмыс істеп жатқанын, әр факультетте этикалық комиссиялардың құрылғанын, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары туралы Ереже мен Студенттің ар-намыс кодексі қабылданғанын жеткізді. Осының

барлығы университетте студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының маңызды бағыттарының бірі азаматтық-құқықтық тәрбиеге де зор көңіл бөлінетінін көрсетеді. Студент жастардың сабақтан тыс уақытта өз қызығушылықтарымен, шығармашылықпен және спортпен айналысулары үшін да толық жағдай жасалған. 200-ден аса клуб пен үйірме жұмыс істеп жатыр.

«Қала ішіндегі қала» болып табылатын, жаз мезгілінде күніне 20 мыңға жуық адам мекен ететін және келіп-кететін ҚазҰУ қалашығы аймағындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әрбір оқу ғимараты мен жатақханаларда бейнебақылау орнатылғаны, студенттерден құрылған тәртіп жасағының қызмет істейтіні аталды.

Кезек алған кеш қонағы – Қ.Тыныбеков университеттің оқытушы-профессорлар қоғамымен және оқушы-жастармен кездесіп отырғанына қуанышты екенін

Тәртіп сақшысы Тыныбеков студенттермен тілдесті

білдіріп, қаладағы құқықты ахуалды баяндады. Соңғы екі жылда Алматы қаласында тіркелген ауыр, жеңіл қылмыстардың статистикасын келтірді. Көрсеткіштерге жүгініп, өкінішке орай, қылмыстық жағдайлардың, аз да болса, жастар арасында да орын алып отырғанын айтты. Дегенмен олардың санының жылдан-жылға азайып келе жатқаны қуантады екен.

Тағы бір айта кететін жайт, Алматыдағы ірі университеттер жанынан 8 полиция тірегі ашылса, соның екеуі ҚазҰУ қалашығында орын тепкен. Полиция қызметкерлерінің студенттік ортаға жақын болуы тәртіп бұзушылыққа жол бермейтіні түсінікті.

Келесі сөз алған қалалық ІІД бастығының орынбасары **Н. Алмасбеков** университет қабырғасындағы «Жастар» полицияның қоғамдық көмекшілері құқықтық тәртіп сақтау жасағының белсенді мүшелерін мәртебелі мекеменің

мақтау қағаздарымен марапаттап, абыройын асырған алғыс хаттар тапсырды. Ең пәрменді жасақшылардың келесі төртеуінің қала әкімінің ақшалай сыйлығына ұсынылғанын жария етті.

Мұнан кейін мінбеге көтерілген кеш қонақтарының әріптестері, заң факультетінің деканы, профессор **Д.Байделдиновтің**, «Жастар» жасағының жетекшісі **Ж.Есенбектің** осы тақырыптағы жалынды сөздері мен тың ұсыныстары тыңдаушылардың көңілінен шықты.

Қатысушылардың өздерін қызықтырған құқықтық сұрақтарына толыққанды жауап алуға үлкен мүмкіндік туған осынау қызықты кездесудің кәсіби жоғару, көтеріңкі жұмысшы көңіл, ыстық достық ықыласпен өткенін айту парыз.

Болат ӘБЕНОВ,
ақпараттық жүйелер
кафедрасы меңгерушісінің
оқу-әдістемелік және тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары



КАРИН ЕРЛАН

Встреча политологов

На факультете философии и политологии КазНУ состоялось заседание студенческого дискуссионного клуба «Политолог».

На этот раз гостем клуба стал известный казахстанский политик, кандидат политических наук **Ерлан Карин**, который выступил с лидерской лекцией «Угрозы и вызовы национальной безопасности Республики Казахстан». Тема лекции вызвала большой интерес студентов, которые в ходе беседы получили обстоятельные ответы на свои вопросы.

На встрече, организованной кафедрой политологии, **Е.Карин** объявил о проведении конкурса научных работ среди студентов-политологов. Для победителей учреждены специальные стипендии имени известных ученых **Т.Мустафина, С.Жусупова** и **Н.Масанова**.

Соб.кorr.

Жақында шығыстану факультеті, түркітану және үндітану кафедрасы және Түркия Республикасы Түрік тілін үйрету орталығының ұйымдастыруымен Түрік апталығы болып өтті. Оған Түркия Республикасының Алматыдағы Бас Консулы **Садин Айылдыз мырза**, Түрік тілін үйрету орталығының директоры **Мехмет Өзбал Мырза** және орталықтың мұғалімдері, шығыстану факультетінің деканы, ф.ғ.д., проф. **Б.Н. Жұбатова ханым**, Түркітану және үндітану кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., проф. **Р.А. Авакова ханым**, шығыстану факультетінде дәріс беріп жүрген шетелдік профессор **Мехмет Арслан мырза** және кафедра ұстаздары, студенттер, магистранттар қатысты.

ҚазҰУ-да Түрік апталығы өтті

Шараның мақсаты – жастарға түрік халқының мәдениетін, салт-дәстүрін дәріптеу. Апталықта түрік халқының ұлттық тағамдары, туристік жерлері туралы баяндама жасалып, қонақтарға дастархан жайылып, түрік халқының ұлттық тағамдарынан дәм ұсынылды, қол өнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды. Түркия Республикасының Алматыдағы Білім Мәдениет Атшәсі **Нилгун Кылычарслан ханымның** өз елінің көрнекті жерлері жайлы баяндамасын студенттер қызыға тындады. Сондай-ақ Түркия Республикасы **А. Яссауи** атындағы түрік-қазақ университетінің оқытушылары **Еффане Вуруджу** және **Фатма Акбалдың** таныстыруымен студенттер көрмені тамашалап, өздерінің таңданыстарын білдіріп жатты. Кино сағатында жиналған

көпшілік түрік тілінде «Vatan kanatlarımızın altında», «Fetih», «Eşkiya» фильмдерін тамашалады.

Түрік тілі мен әдебиетінен нәр алып, тілін білу арқылы туыс елдердің арасында үлкен көпір болуды армандаған университет жастары үшін бұл шара өте құптарлық оқиғалардың бірі болды. Сонау мыңдаған шақырым қашықта жатқан түрік бауырларымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін жақыннан тани білу түрік тілін үйренуші жастардың таптырмас бір рухани байлық көзіне айналды десек артық айтпаған болар едік.

А. Ж. НАЗАРОВА,
Шығыстану факультетінің
түркітану және үндітану
кафедрасының аға оқытушысы

Берері мол мұражай

Аталмыш мұражай 1997 жылы 13 қарашада ресми түрде ашылды. Бүгінгі күні мұражай тек республикалық қана емес, сонымен қатар халықаралық та мәні бар құндылықтар қоймасы ретінде елімізге қызмет етіп келеді. Мұражай қорында 5 мың данадан астам жәдігер бар, олардың ішінде алтын адамның макеті, алтынның және күмістің құймалары, **Николай** кезеңіндегі 1898-1899 жылдары шығарылған құны 5-10 рубльдік күміс, алтын монеталар бар.

Мұражайда тек қана ақша жайлы мәліметтер емес, сонымен қатар, ҚР қаржы

жүйесінің дамуын көрсететін тарихи шынайы құжаттамалық материалдар да сақталған. Қазақстанның төңкеріске дейінгі ақша-кредит жүйесінен бастап Қазақстандағы 1976-1980 жылдар аралығындағы кезеңмен аяқталған бұл тарихи құжаттар 24 папканы құрап тұр.

15 жылдан астам тарихы бар мұражай қоры бүгінде төрт есеге өскен. Экспозицияларда мыңнан астам әртүрлі жәдігерлер қойылған. Олар – банкноттар, монеталар, тарихи құжаттар, кәдесыйлар, алыс және жақын шетелдерден келген қонақтардың сыйлықтары, Мем-


банкі Қазақ республикалық кеңсесі басқарушыларының портреттік галереясы, Ұлттық Банк Төрағаларының портреттері, антиквариат жиһаздар, альбомдар.

Міне, осындай құндылықтардан құралған мұражайдың жас білім алушыларға айтары да, үйретері де мол. Өйткені, тарихымыздың тереңіне шолу жасай отырып, көптеген ғасырларды куә қылып, дамыған қаржы жүйесінен мол мәліметтер алуға болады.

Динара ЕРҒАЛИ,
ҚазҰУ колледжінің
экономика пәндерінің оқытушысы

Журналистика факультетінің бірінші курс магистранттары **Польшада 10 күндік ғылыми-кәсіптік тәжірибеден өтіп келді**

Тау тұлға



Ғылым адамзатқа берері ұшан-еңіз мұхит болса, ғалым сол мұхиттың бетінде жүзген ақ желкенді қайық сияқты. Ғылымның асау толқындарына қарсы тойтарыс беріп, оның ашылмаған жаңалықтары жолында бар ғұмырын арнайтын ғалым – өмірге ғашық пенде. Олай болса, тірісінде халқының алғысына бөлене білген ғылым мен еңбек әлемінің ірі тұлғалары аз емес-ті. Қасиетті қазақ топырағы да өз кезегінде өз құрсағынан талай да отжүрек ерлерді, жезтаңдай әншілер мен сұңқар көмей шешендерді, би-көсемдерді және көзі ашық, көкірегі ояу білім мен ғылым жанашырларын да дүниеге әкелген болатын. Солардың қатарына қазақ ғылымының өркендеуіне өз үлесін қосып, ел жадында ерен еңбектерімен қалған ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, қазақ халқының біртуар азаматтарының бірі – Әбділдин Мейірхан Мүбәрәқұлы.

Ол 1970 жылдан бері ҚазҰУ-да 40 жылдан астам уақыт табан аудармай қызмет істеді. 1970-1981 жылдары және 1986 жылдан өмірінің соңына дейін теориялық физика кафедрасының меңгерушісі болды. ҚазМУ-дың ректоры болып жұмыс атқарды. Ол осы қызметке оқытушы-профессорлардың қолдауымен және құпия дауыс беру арқылы сайланған алғашқы ректор болатын.

Мейірхан Мүбәрәқұлы Эйнштейннің гравитациялық теориясы бойынша бұрынғы ТМД елдері ішіндегі білікті де білгір, мықты мамандардың бірі еді. Қазақстан Республикасындағы іргелі зерттеулердегі басым бағыт “Теориялық физиканың” негізгі ұйымдастырушысы, “Гравитациялық, электромагниттік, күшті және әлсіз әсерлесулер” атты іргелі зерттеулер бағдарламасының жетекшісі болды. Оның ғылыми жетекшілігімен бірнеше кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Мейірхан Мүбәрәқұлынан тәлім-тәрбие алған мыңдаған шәкірттер бүгінде тәуелсіз республикамыздың түкпір-түкпірінде болашақ ұрпақ үшін еңбек етуде. Оның

200-ден астам ғылыми мақаласы, 3 монографиясы жарық көрді.

Ғұлама ғалым жан-жақты болатын. Тек жаратылыстану ғылымдарын ғана емес, барлық ғылымды да бір-бірімен ұштастыра алатын. Ол қазақ елінің ауыз әдебиетін жатқа білетін. Әл-Фараби философиясынан ой толғап, Асан қайғы, Бұқар жырау, Махамбет, Абай және Жамбыл өлеңдерін түйдектей айтатын. Жаны лирикаға жақын болғандықтан да болар, ғалым ағамыз достыққа адал, ағалыққа берік болатын. Ол өзінен бұрынғы ұлылардан үлгі ала жүріп, кейінгі буынға өзіндік өнеге көрсете білді. Ол кісінің тіліп түсетін уытты да өткір тілі өзгелерге айбар болатын. Сондықтан да ол өз айналасына білім, ғылым саласына шын берілген, нағыз білімдар, адал жандарды топтастырды.

Ортамыздан асыл ағамызды алып кеткен ажал желден жүйрік атылған оқ сияқты. Егер де ардақты осы Мейірхан Мүбәрәқұлы қасымызда болғанда, ол бүгінде 75 жасқа толатын еді. “Жазмыштан озмыш жоқ” дейді халқымыз. Жалпы, Мейірхан Әбділдин сияқты ғалымдар ғасырында бір туатын асыл тұлғалардың қатарында. Ол тек ұлағатты ұстаз емес, сонымен қатар отбасына жылуын сыйлай білген аяулы жар, ардақты әке, жолдастарына адал дос та бола білді.

Әлия ТАУКЕНОВА,

теориялық және ядролық физика кафедрасының аға оқытушысы

Среди всей плеяды ученых, составивших славу университету, особое место принадлежит академику, доктору педагогических наук, профессору Толегену Тажибаевичу Тажибаеву, возглавлявшему университет с 1948 по 1953 годы.

Непосредственно под его руководством началось строительство нескольких учебных корпусов, общежитий, были открыты новые факультеты, появились новые специальности, была организована биостанция, началось строительство биологического музея.

ТАЖИБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

С именем Т.Т. Тажибаева, прежде всего, связано становление казахстанской психолого-педагогической науки. Он стал первым ученым-казахом, защитившим в Ленинграде кандидатскую диссертацию по специальности психология. Он также первым в Казахстане получил степень доктора педагогических наук. В 1947 году при его непосредственном участии впервые в истории Казахстана в КазГУ было организовано отделение логики и психологии.

Научные традиции, заложенные Т.Т. Тажибаевым, нашли свое продолжение в деятельности кафедры общей и этнической психологии, по инициативе которой ежегодно 23 февраля, в день его рождения, проводятся международные конференции по актуальным проблемам развития психологической науки в Казахстане и странах СНГ.

В этом году в рамках ежегодных Тажибаевских чтений кафедра общей и этнической психологии совместно с кафедрой общей и этнической педагогики провели международную научно-практическую конференцию «Психолого-педагогические аспекты труда и личности преподавателя инновационного университета».

В работе конференции, кроме казахстанских ученых, представленных профессорско-преподавательским составом КазНУ им. аль-Фараби во главе с деканом факультета философии и политологии, докторам философских наук, профессором А.Р. Масалимовой, университета «Туран», ННПООЦ «Бобек», приняли он-лайн участие зарубежные гости: ассоциированный профессор Бургаского университета И.Дерижан (Болгария), которая выступила с докладом «Реализация идеи

образовательного идеала и пути повышения профессиональных компетенций учителей Болгарии». Особый интерес вызвал доклад доктора психологических наук, профессора Ярославского университета им. П.Г. Демидова В.В. Козлова (Россия), который прекрасно знал биографию и труды Т.Т. Тажибаева. Его доклад был посвящен актуальным проблемам современного образования в вузе. Были также заявлены доклады доктора психологических наук, профессора Ташкентского государственного института им. Низами Н.С. Сафаева (Узбекистан), доктора PhD ассоциированного профессора Бургаского университета Пепа Митева (Болгария), кандидата психологических наук, СНС Института психологии им. Г.С. Костока Костоковой К.В. (Украина) и др.

Представленные на конференции доклады были распределены по 6 секциям: «Роль личности преподавателя в инновационной трансформации современного университета»; «Профессионально-педагогическая культура преподавателя инновационного университета»; «Профилактика профессиональных деформаций и эмоционального выгорания педагогов вуза»;

«Психолого-педагогические аспекты инновационной деятельности преподавателя»; Инновационные процессы: от личности до социума»; «Инвестиции в человеческий капитал организации: технологии, проблемы, инноватика».

О.Х. АЙМАГАНБЕТОВА,
профессор;
Р.А. РОМАНКОВА,
магистрант
кафедры общей и этнической психологии

Жуырда халықаралық қатынастар факультетінің дипломатиялық аударма кафедрасы «Инабат» рухани-мәдени орталығы мен «Шығыс әлемі» ғылыми-танымдық клубының ұйымдастыруымен «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тіл білімінің негізін қалаушы» атты тақырыпта ғылыми семинар болып өтті. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жетекші маманы Орнай Жұбаева семинардың құрметті қонағы болды.

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ СЕМИНАР

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨСЕМІ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНА 140 ЖЫЛ

Кешті халықаралық құқық мамандығының 1-курс студенті, факультетіміздің мақтанышы, ақын Нұрсұлтан Орынбеков жыр жолдарымен ашты. 1-курс студенттері Еңсепов Бекарыспен Молдаш Алтынай ғалым өмірінен, шығармашылығынан, қызмет жолдарынан тартымды слайд-баяндама жасап, студенттер қауымына таныстырып өтті. Қазақ тіл білімінің қара шаңырағынан келген маман факультет студенттері мен оқытушыларына ғалымның ұлттық тіл біліміне сіңірген еңбегі мен талайлы тағдыры туралы мазмұнды әңгімелеп

берді. Қазақ тіл білімінің мәселелеріне, әсіресе бүгінгі таңда ең өзекті болып отырған графика мәселелеріне, ұлт тілінің тазалығына қатысты келелі сұқбат жүргізді. Оқытушылар мен студенттер ғалымға көптеген сұрақтар қойып, тұщымды жауаптар алды. Ара-арасында ойларын да ортаға салып, семинардың қызықты өтуіне үлестерін қосып отырды.

Зұлмат жылдар қазақтың басқа да қайсар ұлдары сияқты Ахмет Байтұрсынұлының есімін де тарихтан өшіріп тастауға қанша тырысқанымен, асылдарымыз күн өткен сайын жарқырап

көрінуде. «Ел – бүгіншіл, менікі ертең үшін!» – деп жырлады Алаштың айбынды ұлы. «Елім, ұлтым, алашым» деп ұрандатқан ұландарының кешегі айтып кеткен ойлары бүгінгі күннің де шындығына айналып отырғанына куәміз. Қазақ деген ұлт барда қазақ халқының жоғын жоқтап, жоғалғанын түгендеген асыл ардақтыларымыздың есімдері өшпейді деп сенеміз.

Бақытгүл ҚҰЛЖАНОВА,
Дипломатиялық аударма кафедрасының доценті,
«Инабат» рухани-мәдени орталығының директоры

9 марта 1940 г. состоялось открытие первой студенческой научной конференции, посвященной 20-летию КазССР

Депутат К.Н. Бұрхановтың көшбасшылық дәрісі

Наурыз айының 5-жұлдызында тарих, археология және этнология факультетінде мәжіліс депутаты, политология ғылымының докторы, профессор Камал Низамұлы Бұрхановтың Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауы аясында көшбасшы дәрісі өтті. Оған факультеттің профессор-оқытушылары, докторанттар мен магистранттар қатысты.

К.Н. Бұрханов Қазақстанның ішкі және сыртқы саяси-экономикалық жағдайына тоқтала келіп, ішкі өнім өндіру динамикасының өсуіне қатысты мәліметтерді көрші елдермен салыстыра көрсетіп өтті. Осыған байланысты Камал Низамұлы республика ішкі нарығында бағаның өсуіне қатысты 2006 жылғы мәліметтерді келтіре отырып, бүгінгі таңда бір адамға кететін күнделікті шығынның мөлшерімен таныстырып шықты.

К.Н. Бұрхановтың көшбасшылық дәрісінде көтерілген тағы бір маңызды мәселе – жастардың мамандық таңдау кезінде қоғамға қажетті мысалы, сантехник, токарь, электрик сияқты мамандықтарды назардан тыс қалатыны жөнінде де болды.

Қоғамымыздың дамуына тікелей әсері бар осындай бірқатар мәселелер төңірегінде өткен дәріс оқытушылар тарапынан үлкен қызығушылық тудырды. Тарих, археология және этнология факультетінің оқытушы-профессорлары: Т.О. Омарбеков, М.Е. Елеуов, А.Т. Төлеубаев, Н.Д. Нұртазина, О.Х. Мұхатова Қазақстанның әлеуметтік мәселелеріне

және тарих ғылымның дамуына қатысты өздерін толғандырып жүрген бірқатар сұрақтар қойып, дәріс еркін пікір алмасу алаңына айналды. Осы кездесу барысында факультет деканы т.ғ.д., профессор Ж.Қ. Таймағамбетов бүкіл тарихшылар қауымын мазалап жүрген – ЖОО-да «Қазақстан тарихын» оқыту мәселесі төңірегінде қойған сауалына саясаттану ғылымдарының докторы К.Н. Бұрханов «Қазақстан тарихын» ЖОО-да оқытудың аса қажетті екенін айта келіп, «бүгінгі студент – ертеңгі қоғам қайраткері, ал оның өз елінің, мемлекеттің қалыптасу тарихын білуі – парыз. Әрине, ЖОО-да «Қазақстан тарихы» мектепке қарағанда ауқымды оқытылып, студенттердің азаматтық ұстанымдарының қалыптасуына әсер етуі тиіс», – деді. Сонымен, көшбасшылық дәрістен қоғамның келелі мәселелері төңірегінде сөз қозғап, ой таразылап қайттық. Жиналғандар сыйлық алмасып, естелік суретке де түсті.

К.М. РҮСТЕМ,

Қазақстан тарихы кафедрасының
2 курс PhD докторанты

Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Елбасы жолдауын талқылауға арналған ҚазҰУ қалашығы қызметкерлерінің арасында жиын өтті.

ҚазҰУ қызметкерлері Елбасы жолдауын талқылады

Жиналғандар Елбасының жолдауын жарқын болашақты айқындайтын бас құжат деп пайымдады. Талқылауда алғашқылардың бірі болып сөз алған ҚазҰУ қалашығының директоры Ә.Сейтжанов өзінің «2050 стратегиялық бағдарлама – ел болашағы» тақырыбындағы баяндамасында: «Елбасымыздың биылғы Жолдауының ерекшелігі – стратегиялық даму жолымыз 2050 жылға дейін анықталды. Еліміздің басты мақсаты – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру. Бұл үшін елімізде барлық мүмкіндіктер: ресурстар, білімді адамдар, жұдырықтай ұлт бар», – деді Қазақстан Республикасының Президенті. Елбасы жүктеген міндеттер мен бағыттар қазақстандықтардың келешегін көрсетеді.

Бұл тұрғыда жолдаудың берері мол», – деп ой тұжырымдады.

Сондай-ақ талқылауда ҚазҰУ қалашығы директорының орынбасары Т.Дүйсембаев, №14 Студенттер үйінің меңгерушісі Г.Абилова, №4 Студенттер үйінің меңгерушісі Ж.Қайыпбаева, ГУК 1-3А меңгерушісі Ж.Балмұханбетова, ГУК-6 меңгерушісі Г.Шипулина, №1 Студенттер үйінің кезекшісі Г.Малаева, №18 Студенттер үйінің кезекшісі К.Қасымбекова, ГУК-4 меңгерушісі Н.Ибрагимова және ГУК-5 кезекшісі Г.Исхандар жолдау жайлы өздерінің ойларымен бөлісіп, баяндамаларын оқыды. Жиналған көпшілік өзара пікір алмасып, жақсы көңіл күймен тарады.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
журналистика факультетінің
2 курс студенті

МЕТАДОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ ЗОР ҚҰЖАТ

Қазіргі кезең еліміздің тұтастай, сапалы қоғамдық жаңғыруының шын мәнінде шешуші факторлары жүйелерін алға тартып отыр. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы Қазақстан қоғамы мен халқының өмірінде маңызы орасан зор оқиға. Жолдауда қазіргі саясат, әлемдік әлеуметтік-экономикалық, құбылыстар, олардың жалпы жаһандық даму заңдылықтары төңірегінде күрделі және түйінді мәселелері көтерілген. Бұл құжатта әлеуметтік-гуманитарлық, әсіресе саяси ғылымдар үшін дүниетанымдық, ғылыми-методологиялық және идеологиялық маңызы зор игілікті идеялар мен тұжырымдар жеткілікті. Айталық, халқымыздың тәуелсіздік жылдарында қолы жеткен мол табыстары – «қалыптасқан, қуатты да табысты мемлекет» және басқа да осындай анықтама – формулалар жаңа жағдайдағы саясат құбылысының универсалдық мәнін, оның жүзеге асу жолдарын, түрлері мен деңгейлерін тереңірек ұғынып зерттеуге орасан зор мүмкіндік береді.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы тұтастай алғанда – жаңа Қазақстан үшін әлемдік дамудың жылдам өзгеру жағдайындағы жаңа саяси бағыты деп нақтылы тұжырымдалуы өте орынды. Біріншіден, мұнда 2050 жылға дейінгі уақыттағы ел алдына қойылып отырған ұзақ мерзімді баршамызға ортақ, ең

басты мақсаттар мен міндеттер тұжырымдалды. Стратегияның басты мақсаты – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру.

Стратегия құбылмалы тарихи жағдайдағы Қазақстан үшін жаңа саяси бағыттың нақтылы салалардағы саясаттарының принциптері мен мазмұнын белгілеп берді. Мұнда еліміздің жаңа саяси бағытын құрайтын жеті негізгі бағыт және оларды жүзеге асыру жолдары атап көрсетілген. Мұнда мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту, дәйекті және болжамды сыртқы саясатты қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

Жолдау отандық ғылым мен білімнің стратегиялық бағыттары – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау және инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясатын, оқыту мен ғылыми зерттеу жұмыстарын даму талаптарына сай жаңғыртуды, оларды құзыреттілік, жаңашыл және іргелі ізденістер сапасында ұйымдастыруды белгілеп міндеттеп отыр. Еліміздегі қалыптасқан қоғамдық келісімді сақтау және нығайту – бұл біздің мемлекет, қоғам және ұлт ретінде өмір сүруіміздің бұлжымас шарты.

А.И. ЛҰҚПАНОВ,
ф.ғ.к., доцент;
А.Т. МҰХИТДЕНОВА,
с.ғ.к., доцент

ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ – қатерлі дерт

Біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымызда діни экстремизмнің қаупіне немқұрайлы қарауға болмайтынын уақыт өзі дәлелдеп келеді. Олар өз ықпалдарын жүргізіп, қалайда біздің арамызда табан тіреп қалу үшін ұдайы әрекет етіп отыр.

Экстремизм французша *extremisme*, латынша *extremus* деген сөзінен шыққан. Ол «ең соңғы, ақырғы, төтенше» деген мағынаны білдіреді. Экстремизм терроризм (лаңкестік), сепаратизм және радикализм секілді қоғамдық қауіпсіздікке қауіпті қылмыс түрлерімен тығыз байланысты. Экстремизмнің бүгінгі таңда кең тараған түрі – терроризм. «Terror» – латын сөзі – қорқыныш, үрей деген мағынаны береді. Лаңкестік әрекеттің басты мақсаты – қоғамда үрей, қорқыныш, әбігер туғызу, елдің тыныштығын бұзу. Өзіне көпшіліктің назарын аудару арқылы өздерін үлкен саяси күш ретінде таныту болып табылады.

Жуырда халықаралық қатынастар факультетінде дипломатиялық аударма кафедрасы куратор-эдвайзерлерінің ұйымдастыруымен «Діни экстремизм және халықаралық лаңкестік» атты дөңгелек үстел болып өтті. Шарада мамандар діни экстремизм және халықаралық лаңкестік туралы терең мағлұмат беріп, қазіргі қаптаған діни

ағымдардың кейбір іс-әрекеттерінің қауіптілігіне, экстремизм мен терроризмнің Қазақстан аумағындағы көріністерімен күрес жүргізу жолдарының өзектілігіне, 2011 жылдың 11 қазан күні шыққан «Қазақстан Республикасының Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңы» (7-бабына) және еліміздегі діни ахуал төңірегінде сөз қозғады.

Дөңгелек үстелге қатысушылар арасында «Тақырыптың өзектілігі неде?», «Неге экстремизм мен лаңкестік күн тәртібінен түспейтін өткір мәселеге айналды?», «Олардан жастар қалай сақтану керек?» «Бұл қоғамға қандай қауіп әкеледі?» – деген сауалдар төңірегінде сұхбат өрбіді. Өзекті тақырып қатысушыларды бей-жай қалдырмады. Халықаралық құқық-30 тобының студенттері Тинатин Джапиашвили, Динара Дәуренбекова, Ирина Брусенская Қазақстанда қанат жайған лаңкестік топтар туралы баяндама оқып, Данияр Таникеев, Нұрсұлтан Орынбеков, Мұстафа Жайлау олардың жастарға тигізетін әсері жөнінде өз пікірлерін білдірді.

Сафура БӨРІБАЕВА,
халықаралық қатынастар
факультетінің
дипломатиялық аударма
кафедрасының доценті

Дайындық факультетінің студенті Асыл Ерзат «Сөйле, қане, қызыл тіл» атты жыр мүшәйрасының бас жүлдегері атанды

Жақында университетіміздің филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетіне Түркияның ең ірі жоғары оқу орындарының бірі Анкара қаласындағы Гази университетінен жеті студент білім алуға келді. Бұл маңызды шара 2011 жылы жасалған университетаралық келісімшарт негізінде жүзеге асты. Нәтижесінде екі бауырлас елдердің жастары бір-бірімен тығыз достық қарым-қатынас жасап, білімдерін шыңдай түсуге мүмкіндік алып отыр. 2012 жылы ҚазҰУ-дың он бір студенті Гази университетінде I семестр білім алып, Томер орталығында түрік тілінен біліктіліктерін жетілдіріп келген болатын. Енді Гази студенттерінің алғашқы қарлығаштары көктемгі семестрді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында өткізбек.

ГАЗИ ҚАРЛЫҒАШТАРЫ



сы алу, орналастыру, олардың бос уақытында өткізілетін танымдық, мәдени шараларды жоспарлау, ұйымдастыру сияқты және т.б. маңызды іс-шараларды үйлестіруде халықаралық байланыс департаменті, академиялық мобильділік бөлімі және филология факультеті басшылығымен қоян-қолтық жұмыс істеуде.

Студенттерге көмек ретінде кафедра оқытушылары волонтерлік негізде қазақ тілінен қосымша сабақ беруде.

Газилік студенттерді университетіміздің бірінші проректоры, профессор Мұхамбетқали Мырзабайұлы Бүркітбаев қабылдады. Кездесу барысында Мұхамбетқали Мырзабайұлы университетаралық келісімшарт негізінде екі бауырлас елдердің арасында қарым-қатынастың ғылыми салада, білім беру саласында жақсы жолға қойылып келе жатқандығын атады. Соның маңызды көрсеткіштерінің бірі – студенттер алмасу

екендігіне тоқталды.

Сондықтан Гази студенттерінің бір семестр көлемінде ҚазҰУ қабырғасында алатын білімдерінің жемісті болуын тіледі. Сабақтан тыс уақытта студенттерді университеттің қоғамдық өміріне белсенді араласуға, атап айтқанда, түрлі мерекелік шараларға, спорттық жарыстарға қатысып, қазақстандық студенттерімен тығыз байланыс жасауға шақырды. Университет қалашығындағы спорт кешенінің мүмкіндіктерін пайдалануды ұсынды.

Тамер Йылдырым, Мушерейф Чукадар газилік студенттердің атынан Мұхамбетқали Мырзабайұлына, халықаралық байланыс департаменті мен мемлекеттік тіл кафедрасы ұжымына ризашылығын білдіріп, алғыстарын айтты. Өздерінің Алматыға келгендегі алғашқы әсерлерімен бөлісті. Қазақ жастарының бірнеше тіл білетіндіктеріне, оның ішінде түрік тілін де білетін жастардың аз еместігіне таңданғандарын жасыра алмады. Әрі өздерін жатсынбай, бірден баурап алған қазақ достарының әлден-ақ аз еместігін мақтана жеткізді. Сондықтан газилік студенттер тез арада қазақ тілін жақсы меңгеріп, емін-еркін сөйлесуді мақсат ететіндіктерін айтты.

Біз Газилік шәкірттерімізге үлкен табыс тілейміз!

Ханшайым ҚАРАБАЕВА,
Мемлекеттік тіл кафедрасы
меңгерушісінің орынбасары, доцент

Күні кеше журналистика факультетінің 1-курс магистранттары Польшада 10 күндік ғылыми-кәсіптік тәжірибеден өтіп келді. Он күндік тәжірибе алмасудың сегіз тәулігі Польшаның солтүстігіндегі Висла өзенін жағалай ораласқан, 200000-нан астам тұрғыны бар шағын қала – Торуньдегі Николай Коперник атындағы университетте өтті.

Еуропада жол

Торуньдағы ғылыми – кәсіптік тәжірибе профессор Ивона Массаканың шеберлік сабақтарынан басталды. Николай Коперник атындағы университеттің саясаттану және халықаралық қатынастар факультетінің докторанттары терең ғылыми ізденістерімен бөлігі. Қазақстан оларды да қызықтырады. Сапардағы сәттіліктің бірі – «Сөз бостандығы» кітабының авторы Владислав Власлақтың өзі дәріс оқыды. Сондай-ақ біз Польшадағы алты ірі баспаның иесі Адам Маршалақтың жеке қабылдауында болып, бүгінгі таңдағы кітап басу мәселесі сынды өзекті тақырыптарда сұхбаттастық. Дәрістеріміздің тағы бір ерекше күні Польша телевизиясының жұмысымен танысуға, олардың техникалық мүмкіндіктерін бағалауға арналды. Кейін Шығыс мәдениетіне қызығатын Польша Жастар орталығы өкілдерімен арнайы кездесуге барып, Шығыс елдерінің ішіндегі Қазақстанның ерекшеліктері туралы сөз қозғадық. Ғылыми-кәсіптік тәжірибемізді тиянақты жасау мен оның тарихы туралы толық ақпарат беретін мұражайда, Н. Коперник мұражайында қонақта болып, маңызды ақпараттар алдық.

Санаулы күннің ішінде біз Торуньдағы Николай Коперник атындағы универ-

ситет ұстаздарына, студенттеріне және қаланың өзіне бауыр басып үлгердік. Өйткені Торунь тұрғындары қарапайымдылығымен, тыныштығымен кез келген адамды сабырлылыққа шақырады. Висла ағысы және Торуньнің дәл ортасында орналасқан Еуропаның кішкентай бөлшегі, «Ескі қалашық» бізді ерекше көңіл-күй, ұмытылмас әсерге бөледі. Торунь сегіз күннің ішінде бізді отыздан астам дос, әріптес және пікірлес жандармен таныстырды. Оншақты қазақ баласына Еуропаның есігін ашты. Ал бастысы, бойларынан қазақилықтың иісі аңқып тұрған он магистранттың дүниетанымын кеңейтуге тамшыдай болса да үлес қосты.

Польшадағы дәрістеріміздің соңғы екі күні әсем қала Краковта жалғасын тапты. Онда Қазақстанға шын жүректен ғашық Польша азаматшасы – Агнешка Сломьянның «Халықаралық жобаларды жүзеге асыру» атты шеберлік сабағына қатысып, тәжірибе алмастық.

Польшадағы әрбір таңымыз жаңа адамдармен танысудан басталып, әр кешіміз көңілді басқосулармен аяқталды. Санаулы күнде дәрістерден, өмір сабақтарынан үйренгеніміз көп. Бірақ, үйренеріміз одан да көп болғай дейміз.

Құралай ҚҰДАЙБЕРГЕН

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың қолға алуымен университетімізде талантты жастарға спонсорлық шәкіртақы тағайындау өз жемісін беріп келеді. Мұндай демеушілік шәкіртақылар студенттерге оқуда озат болуға, қоғамда білікті маман атануға зор көмегін тигізіп келеді.

Спонсорлық шәкіртақы дарынды студенттерді қажаттадырады

Үш жылдың көлемінде «Шинхан Банк» АҚ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебі мен Шығыстану факультетінің үздік студенттерін спонсорлық шәкіртақымен арнайы марапаттап келеді. Марапаттау үрдісінің басты себебі оқу барысында жоғары нәтижені көрсеткен және университет өмірінде белсенділік таңытқан студенттерді шәкіртақымен ынталандыру болды. Мұндай марапатқа Экономика және бизнес жоғары мектебінің үш белді студенті және Шығыстану факультетінің үш озат студенті лайық деп танылды. АҚ «Шинхан Банктің» әлеуметтік саланы қолдау барысында атқарып жатқан іс шаралары қомақты болып келеді. Осы жылғы студенттердің талаптарын қанаттандыру

мақсатында беріліп отырған шәкіртақының мөлшері айтарлықтай көлемді болды. Бұл ынталандыру шарасы жас буынды қанаттандыра түсті. Студенттер өз тарапынан өз еңбектерінің еленіп жатқандығы үшін ҚазҰУ басшылығына, «Шинхан Банк» АҚ өкілдеріне және аталмыш банкпен қарым-қатынас орнатқан, іс-шараны ұйымдастырып отырған Экономика және Бизнес Жоғары Мектебі басшылығына ерекше алғысын білдірді. Бүгінде демеушілік шәкіртақылар университетіміздегі әр факультетте кеңінен қанат жайып отыр. Қазіргі дарынды ұрпаққа жол сілтеу, қанаттарын талаптандыру – болашақтағы тәуелсіздігіміздің беріктігінің басты кепілі болмақ. Сондықтан да жас дарындардың дамуына жағдай жасайтын осындай шаралардың қатары көп болғанын тілейміз.

Балжан ҚАБДОЛДАЕВА,
Экономика және Бизнес
Жоғары Мектебінің
3 курс студенті



Саясаттанушы студенттердің үздік ғылыми жұмыстарына Т. Мұстафин, С. Жүсіпов және Н. Масанов атындағы шәкіртақыларға байқау жарияланды

«Шебер мен Маргарита» — мағыналы шындық туралы шығарма

Әдебиетке деген махаббаты бала кезінен оянған орыс жазушысы, драматург, эссеист, сыншы, журналист Михаил Булгаковтың 1928-1940 жылдары жазған «Шебер және Маргарита» (Мастер и Маргарита) романын әр оқыған сайын әртүрлі әсер аламын. Бұл не, кітап құдіреті ме, әлде хамелеондық құбылмалы сезім бе? Өзім де түсінбеймін. Сондықтан осы ойымды романды оқыған құрбыларыммен бөліскім келеді.

Әрине, М. Булгаков сатиралық, фантастикалық, реалистік жанрды біріктіріп әдебиетте «сиқыр шындығы» мектебін жасағанын білеміз. Автор қашан да өмірдің өткір мәселелерінен айналып өте алмайды. Қатаң сынның нысаны ретінде оның көп шығармалары жарық көрмесе де ол қапаланбады. Мүмкін «әйтеуір бір кезде керек болармын» деп өз-өзін уатқан болар. Шынтуайтында, Булгаковтың шығармаларына қазір де, сол кезде де полемикалық қарама-қарсы бағалар берілсе де, қызығушылық білдіретін оқырманның саны көбеймесе, азайған жоқ.

«Шебер және Маргарита» романында да жазушы адамның өмірлік құндылықтары туралы, яғни жақсылық пен жамандықтың, өмір мен өлімнің, әділдік пен арамдықтың мәңгілік күресі туралы жазады.

Роман Берлиоз және оның ақын досы Иван Бездомныйдың саябақта демалып отырғанынан басталады. Олар қастарына жақындаған Воландты «шетелдік тыңшы, Кеңес Одағы адамдарының жауы» деп ойлайтындықтан, онымен аса сақ сөйлесетін. Алайда оқыған, көзі ашық

Берлиоз үшін Воландпен әңгімелесу қызықты болатын. Осы жолы Бездомный екеуі «шетелдік тыңшыны» Иисус Христостың жоқ екеніне, оның ешқашан болмағандығына, оның жай ойлап табылған дүние екеніне иландырғысы келеді.

Мен алғаш кітапты оқып отырған кезде біздің елдегі де кеңестік тоқыраудан қалған атеистік көзқарастың бірте-бірте жойылып, жастардың, халықтың имандылық жолына бұрыла бастағанын есіме алған едім. Сөйтіп мынадай ой түйдім: Құдайды ұмытқандардың тағдыры қиын боларын жазбаса да, еріксіз өзіме осындай ой әкелді. Тәубаға келіп «Алла» депізді.

Екінші түйген ойым: қай заманда да оңай өмір сүруге талпынатын адамдар бар екен. Бұны Воланд серігімен Варьеттегі сахналық қойылымы туралы суреттеген эпизодтан байқаймын. Адамдар аспаннан жауған ақшаларды секіріп қағып, бір-бірін басып, жаншып, таласып алғанымен, оның өтірік ақша екендігіне сеанстың соңында көз жеткізеді де, қайта өздерінің барынан айырылып қалғанын аңғарады. Міне, бір сәттік «оңай сынның» астында үлкен адамгершілік ар-ұятты таптаған адасушылық жатыр.

Үшіншіден, шын таланттар көзі тірісінде бағаланбайды екен. Бұл ойды мынадан түйдім: Шебер Понти Пилат туралы романын жазып бітірген соң, оны қудалай бастағаны соншалық, ол басы ауған жаққа қашып кетуге мәжбүр болды. Жазушыға өз шығармасын таптағаны жанына

батты. Көп жерде артықшылығы бар, абыройы бар мүшелік билетті алуға талпынатын, «Массолита» жазушылары, Иван Бездомный мен оның достары сияқты жеңіл жазатын жазушылардың жолы болғышытығына қайран қалды. Ол «үмітсіз шайтан» дегендей, бір жақсылық болса деп тіледі. Мен осы жерде мәдениет пен өнердің өмірдің бағыныштылық жағдайына жауаңдағанына жаным ашыды.

Тағы бір түйгенім — әркім өзінің қолынан келетін ісімен әуестенгені дұрыс. Бұл туралы ескі тарихи кітаптан зерттеп жүрген дүниесін тапқан Иван Бездомный өзінің азулы ақын еместігіне көз жеткізіп, ақындығын қойып, өз жолын нақтылайды.

Шығармада Понти Пилаттың тұлғасы өте өткір жазылған. Ол — ақылды, күшті, билікті адам. Сырт келбеті қатыгездікті, салқынқандылықты, аямаушылықты көрсеткенімен, жүрегі шын қайғыра да, сезіне де біледі.

Понти Пилат өлім жазасына кесілген Иешуаның еш жазықсыз екенін түсінсе де, Синедрион мен білімсіз қатыгез адамдардың тобырын қайтаруға күші де, ақылы да жетпеді. Осы жерде мен көпшіліктің орынсыз тілегіне орай, адам өзінің қағидасынан айнымауы керек деп ойлаймын.

А.Е. СЕРІКБАЕВ,

География және табиғатты пайдалану факультетінің 3-курс студенті,

Жетекші:

ф.ғ.к., доцент Р.ӘБДИЕВА

«Мастер и Маргарита»

Во все времена писатели, властители наших дум, говоря в своем произведении правду, то бишь критику на современность, должны были ее тщательно упаковывать. Чтобы только вдумчивый читатель смог разглядеть за канвой сюжета зашифрованные символы на полях романа. Булгаковский «Мастер и Маргарита» — просто кладь для умов пытливых, ибо каждый найдет там свой сакральный смысл, свой сарказм и критику.

Называя роман бахтинской мениппеей, литературоведы видят только социальную сторону творчества Булгакова. Ведь, как нам говорили в школе, в романе есть три сюжетных линии: критично-реалистичная Москва тридцатых годов, историческая драма Иешуа и мистическая линия Воланда. Но при соединении этих сторон сюжета можно получить гораздо более глубокий смысл, нежели сатира или замаскированная реальность. Именно тот смысл, который Михаил Афанасьевич мог почерпнуть из книг по демонологии Михаила Орлова и Александра Амфитеатрова, трудов своего отца по масонству, теории «непротавления» Льва Толстова.

Сначала роман открывается сюжетом, легкими аналогиями советского времени. С развитием сюжета уже невозможно отличить, что было авторской выдумкой, а что специально продуманной аллегорией. Социальное смешивается с философским, атеистические стихи Ивана Бездомного с историческим романом самого героя протагониста Мастера, сатирические главы о театре Варьетте с описанием бала-посвящения у Сатаны.

Для меня остается загадкой, как в одной книге при каждом прочтении можно открывать все новое и новое дно, скрытое за ответом на загадки предыдущего. Булгаковский текст прочитать и понять может каждый, только вынесенный из него смысл будет различаться. Герметический и масонский, сатирический и исторический, философский и оккультный — этот роман был загадкой еще для современников автора, читающих его в самиздатовском варианте, так и останется тайной для наших потомков. Если только в будущем они будут способны держать в руках такой гаджет, как книгу.

Ира ПУХНАТОВА,
студентка 2 курса
факультета журналистики

Мастер и Маргарита — роман на все времена

На первый взгляд роман М.А.Булгакова — это повествование о творчестве и любви. При более глубоком прочтении приходишь к выводу, что это роман-загадка, роман-миф, свидетельство духовного поиска человека, зажатого в тисках бездушной политической системы.

Появление романа совпадает как раз с тем моментом в истории, когда уже прошла и предреволюционная романтика, и жестокая борьба за власть, наступило время для удержания этой власти любыми возможными способами. Через призму этой борьбы показывается, как уродуются все добрые начинания, стремления и помыслы целого народа. Как размножаются человеческие пороки, как равнодушие, ложь, жадность, взяточничество. Но автор предлагает нам не обвинительный судебный протокол, а литературное произведение с вымышленными именами. Мы видим развернутую картину связи времен в человеческих отношениях.

Роман начинается с появления в Москве Сатаны, представленного как Воланд. Он, странствуя по свету со своею свитою, не даром появляется

в городе в середине 30-х годов 20 столетия. Это время укрепившейся власти, время страха и лжи, где никто не верит ни в Сатану, ни в Бога, ни в существование Иисуса Христа. В романе это описывается так:

«Речь эта, как впоследствии узнали, шла об Иисусе Христе. Дело в том, что редактор заказал поэту для очередной книжки журнала большую антирелигиозную поэму. Эту поэму Иван Николаевич сочинил, и в очень короткий срок, но, к сожалению, ею редактора несколько не удовлетворил. Очертил Бездомный главное действующее лицо своей поэмы, то есть Иисуса, очень черными красками».

Свита Воландасостоитизперсонажей, которые сродни своему хозяину. Это Коровьев, кот Бегемот, Азazelло, Гелла и Абадонна. И у людей, сталкивающихся с ними, обнажаются все пороки, и они наказываются в той или иной мере, в зависимости от степени греха. Воланд со свитой селится в нехорошей квартире на Садовой, из которой уже исчезали люди. Автор подразумевает под этим массовые репрессии того времени.

Аллегоричность, обращение к

фантастическому, мифическому сюжетному пространству типично для писателя М. Булгакова. Это подтверждается созданием таких произведений, как «Роковые яйца», «Дьяволиада», «Собачье сердце»... В описываемой автором Москве живет человек — историк, который выиграл в лотерею сто тысяч рублей и теперь имел возможность основательно заняться литературным трудом. Он написал роман о временах могущественной Римской империи. О проповеднике по имени Иешуа, отстаивающем, несмотря на гонения, свое мировоззрение, в описании которого угадывается образ Иисуса Христа. И о Римском прокураторе — Понтии Пилате, отправившем его на казнь.

Автор романа своим произведением еще раз напомнил людям о той ответственности, которая на них лежит, о тех ошибках, которые так легко совершить, о вечной борьбе света и тьмы и о тех высоких целях, которые ставит перед ними Жизнь.

А.А. КУРМАНБАЕВА,

Зам.декана факультета журналистики

МЕНІҢ УСТАЗЫМ



Әрбір адам баласының дүние есігін ашқаннан кейін басталатын өмір жолы және қоғамда алатын орны оның қажырлы еңбегі мен кәсіби біліктілігі, әріптестерінің және отбасының арасындағы қадір-қасиетімен бағаланады. Осындай үлкен құрметке ие жандардың бірі, білікті де білімді, тәжірибелі ұстаз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, биология және биотехнология факультеті биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының профессор қызметін атқарушы, биология ғылымдарының кандидаты, жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы Жаннат Мүсілімқызы Базарбаева.

Жаныңда жүр жақсы адам

25 жыл педагогикалық қызмет пен ылыми жұмыстарды бірге алып келе жатқан ұстаз осы саланың әрбір сатысына көтеріле отырып, қиын да қажырлы еңбектің қыры мен сырына қанығып, мыңдаған болашақ маманның қалыптасуына аянбай тер төгіп келе жатыр.

Ж.М. Базарбаева өзінің ғылыми жетекшісі профессор Сабыр Темірғалиұлы Нұртазиннің жетекшілігімен гранттық тақырыптар аясында салыстырмалы гистология, экологиялық морфология бағытында ғылыми ізденістер жүргізуде. Осы ізденістер нәтижесінде 80-нен аса ғылыми мақаласы жарық көрді және Жаннат Мүсілімқызының жетекшілігімен 1 ғылым кандидаты, 4 магистр, 30-ға жуық бакалавр өздерінің ғылыми жұмыстарын жазып шықты.

Ғылыми жұмыстармен қатар цитология және гистология, жеке даму биологиясы салалары бойынша университет студенттері мен аспиранттарына арналған мемлекеттік тілдегі 5 оқу құралдарының авторы.

Университет пен факультет ұжымдарында да өзіне жүктелген әрқилы қоғамдық жұмыстарды, соңғы жылда-

ры факультеттің кәсіподақ төрайымы қызметін жүйелі де асқан тиянақтылықпен атқаруы нәтижесінде факультетіміз жүлделі орындарды бермей келе жатыр.

Ж. Базарбаеваның жасаған еңбектері бағаланып, 2009 жылы ҚР БЖФ министрлігінің «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» атағын, 2012 жылы Ресей Жаратылыстану академиясының профессоры, РЖА «Білім мен ғылымға еңбегі сіңген қызметкер» атағын иеленсе, ал бүгін Сапа дипломы және Еуропалық алтын медалімен марапатталып (2013 ж) отыр. Еуропалық ғылыми-өндірістік палата бұл дипломмен және медальмен үздік жоғары сапалы деңгейдегі мекемелер мен үздік деп танылған азаматтарды тұратын өліне, жеріне, ұлтына, діни сеніміне қарамастан марапаттай алады. Аталмыш диплом медалімен Еуропада беделді марапаттардың бірі болып табылады.

Б.А. АБДУЛЛАЕВА,
Биология және биотехнология факультеті биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының доцент қызметін атқарушы

Студенттер арулар мерекесінде ақынмен кездесті

Экономика және бизнес жоғары мектебінде «Аруларды жырлаймыз» атты жыр көші өтіп, онда студенттер ақын Баян Бекетовамен кездесті.

Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, халықаралық ІІ Түркі поэзиясы мүшәйрасының, халықаралық «Сорос-Қазақстан» қорының «Қазақстандағы жаңа поэзия» бәйгесінің жеңімпазы Баян Бекетованың өлеңдері «Аудитория», «Қарлығаш», «Күміс күйме», «Қыз-ғұмыр» атты топтама жыр жинақтарына енген. Әр жылдары шыққан «Үмітім менің», «Жалғыздық», «Сәмбітал», «Көлбастау», «Мен сені сағынғанда» атты 5 кітаптың авторы. Кездесуде Баян Бекетова жаңа жарық көрген «Ұйықтамайды жұлдыздар» атты жыр жинағынан өлеңдер оқыды. Студенттердің толғандырып жүрген сұрақтарына, яғни мемлекеттік тілдің бүгіндегі жайы мен қолданылуы төңі-

регінде ой қозғалды. «Есеп және аудит» мамандығының студенттерінің орындауында ақынның өлеңіне жазылған әндер шырқалып, өлеңдер оқылды.

Кеште ЭБЖМ деканының орынбасары э.ғ.к., доценті Л.А.Бимендіева, оқытушы-профессорлары құрамының атынан экономика ғылымының кандидаттары, доценттер Б.Б.Сұлтанова, М.Б.Байдаулетов, А.Ж.Досаева ақынның шығармашылығына тоқталып, жүреукарды тілектерін айтты.

Әйел-ана, аруларға арнап мерекелік өлеңдерін сыйға тартқан ақын барлық қазақстандықтарға амаңдық, бірлік, толағай табыс тілеп мерекемен құттықтады.

Ажар БЕЙСЕНБАЕВА,
э.ғ.к., «Есеп және аудит» кафедрасының доценті

Қарттарым жүрсін аман-сау

Физика-техникалық факультетінің жылуфизика және техникалық физика кафедрасы көктемнің алғашқы күндерінде «Қарттарым - асыл қазынам» атты тақырыппен Алматы қалалық қарттар үйіне барып келді. Кафедраның белсенді студенттік құраманың ұйымдастыруымен өткен кездесуде қарттарымызға жылы лебіздер айтылып, қарттар көңілі бір марқайып қалды.

Осы кеш ардагерлерге үлкен қуаныш сыйлағандай болды, себебі барлығының жүздерінде жоғары көңіл-күйдің нышаны байқалды. Қарттармен түрлі ойындар ойналып, концерттік бағдарлама қойылды.

Қарттарға жақсы көңіл-күй сыйлаған студенттеріміз Ерболат Тезекбай пен Айгүл Ерғалиева концертімізді жүргізсе, ал Саят Мақсұтов пен Бақытжан Рахат тамылжыта ән салды. Кеште «Emoticons» тобының

сомдаған жастар биі қарттарға қатты серпін берді. Осы қарқынмен олар да билеп кетті. Кеш соңында Қарттар үйінің ұйымдастырушысы сөз алып, ардагерлерді құттықтады және осындай жақсы бағдарламамен келген студенттерге алғысын білдірді.

С.Д. ЕРМАҒАНБЕТОВА,
Физика-техникалық факультеті жылуфизика және техникалық физика кафедрасы

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің ректоры академик Ғ.Мұтанұлының басшылығымен құрылған «Айналаңды нұрландыр» жобасы қара шаңырағымызда өз кезегін топалсыз табуда. Бұған дәлел ретінде, университетіміздің «Көмек» еріктілер ұйымы қалалық деңгейде «Жақсылық жолында – мақсатымыз бір!» тақырыбы аясында дөңгелек үстел өткізді. «Айналаңды нұрландыр» жобасының бұл ұшқыны, жоғары оқу орындарындағы еріктілік қозғалыс пен оның қазіргі таңдағы дамуын, «еріктілер корпусын» құру негізіндегі тақырыптарды қозғаған болатын. Дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты жақсылық жолындағы мақсатымыз бір деп қана қоймай, сонымен қатар алдағы уақытта өзара тәжірибе алмасуды да сөз етті. Бұл қазақ жастарының патриоттық сезімі мен «Болашақ – жастар қолында!» деп айтқан Ел басымыздың сөзінің бірден бір айғағы.

Жақсылық жолында – мақсатымыз бір!


Дөңгелек үстелдің негізгі өзекті мәселесі – ол «ерікті дегеніміз кім?, еріктілер қозғалысы қалай дамып жатыр?», «бүгінгі таңда қандай бағыттар аясында (мәдени, спорттық, экологиялық) жұмыс жасауы қажет?» деген сұрақтар шеңберінде ой талқыланған еді. Бұл ұйымдардың барлығы дерлік қарттар үйімен, мектеп-интернаттарымен, аутизм мектебімен, онкологиялық орталықтармен бірлесіп жұмыс жасауда. Дөңгелек үстелді «Көмек» еріктілер ұйымының төрағасы А.Т.Бірімжанов сөз етіп бастап, келген қонақтарды таныстырып, дөңгелек үстелдің негізгі қозғалатын тақырыбымен таныстыра отырды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры М.С.Ноғайбаева алғашқы тақырыпты қозғаушы болып, ел басының «Қазақстан Республикасын әлеуметтік жаңғырту» идеясымен ұштастыра отырып, әрбір жақсы, игі істерді өзімізден бастау керектігі жайында айтты. Жақсылық жолында мақсатымыз бір деп ту еткен еріктілерді игі істерді бірігіп, жұмыла жасауға өз тарапынан идеяларын ұсынды. «Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының өкілі А.Б.Шаймерденова еріктілік жұмысты тек бір ғана бағытта емес, жан-жақты спорттық, мәдени, әлеуметтік, экологиялық, қоғамдық бағыттарда да жаңғыртуға ұсыныс жасады. «Балалар құқығын қорғау» департаментінің өкілі А.К.Утешева еріктілік жұмыстарды тек университет аясында ғана емес, сонымен қатар қалалық, республикалық деңгейге шығару жөнінде пікір айтты. Сүлеймен Демирель атындағы университетінің

«Шапағат» ұйымы төрағасы Есімханов Медет те өз университетіндегі еріктілік жұмыстарымен таныстырып, «еріктілер корпусы» құрылса, барлық еріктілік ұйымдардың бір ту астында бірлесіп, жұмыс жасауына жол ашатын еді деген өз пікірімен бөлісті. Бұл отырыста «Көмек» ұйымының еріктілері «Біз жастар келешек ұрпақтың жетімдер үйінде, ал асыл мұра аяулы қарттарымыздың қарттар үйінде тәрбиеленгенін қаламаймыз!» деген өз ой-пікірлерімен бөлісті. Ал ұйымның төрағасы А.Т.Бірімжанов еріктілер корпусында әрбір ұйым жеке-жеке емес, бірлесіп, бір ынтымақ туының астында ерінбей еңбек етуін, жыл сайын дәстүрге айналған «Біз біргеміз» концертінің барша университеттерінің ынтымақ астында бірлесіп, іс-шараларды атқаруына шақырды.

Әр бір ұйым өзінің құрылымы және бағыттарымен ерекшеленсе де, барлығымызды біріктіретін, «Мен еріктімін!» деп соғатын жүрек жылуымыз. Сол жан жылуымызды Қазақ еліміздің дамуы мен өркендеуіне, дамыған 50 елдің алдыңғы қатарындағы мемлекеттермен тереземіз тең тұруы үшін тер төгейік! Себебі көк аспандағы байрағымыздың болашақта биік самғауы, ол біздің, яғни келешек ұрпақтың жасаған қадамының көрінісі. Осындай сенім мен зор үмітке толы «Көмек» еріктілер қозғалысының ұйымдастырылуымен өткен дөңгелек үстел ары қарай да өз жалғасын таппақ.

Балжан АБЫЛҚАСЫМҚЫЗЫ
Биология және биотехнология факультетінің 3 курс студенті

*Барлығы сіздер үшін,
АРУЛААР!*



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Айжан ЖАҚЫПОВА
Фототілшілер: Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ, Асқар ТАМАШ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 10226

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.